

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы

Топ: ересек Балауса

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Касымканова Д.Е.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері: балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды	"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттері: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету;	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Мақсат-міндеттері: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту,

басқалар)	(толтырмаңыз, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды қолдарынан келетін көмекті көрсетуге тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажет қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	«Шаршы құрастыр». Мақсат-міндеттері: балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері: балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары:	«Оқиғалар». Мақсат-міндеттері: тиісті сөздерді тауып құрастыру, буынға бөлу. Баланың ой-өрісін, зейінін дамыту	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау;

	"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттері: ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?) 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім жылдам орындаса, күрделірек түрін беру. (математика негіздері, сөйлеуді	жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы: Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Ойын атрибуттары: оқиғаларды бейнелейтін суреттер, оқиғалар жайында айтылған сөздер. Ойынның барысы: балалар өздеріне ұнаған сюжетті суреттерді алады. Сол суретте айтылған тиісті сөздерді тауып астына құрастырады. Солай бірнеше оқиғалар суреттерге байланысты қойылады. (сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аяз ата". Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу	сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген
--	--	---	--	---	---

		дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Шырша". Мақсат-міндеттер: балаларды шырша пішінін салу техникасын игерту; бор арқылы шыршаның діні мен бұталарын салып, жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасап шығару дағдысын қалыптастыру.	Музыкалық ойын жаттығулар "Сиқырлы текше" Мақсат-міндеттер. Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру. (музыка)	әдістерін пайдалана отырып аяз атаны мүсіндеуге үйрету.	көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар) Шағын кітапхана Мақсат-міндеттер. Кітаптардың суреттерін қарау арқылы қандай ертегі туралы екенін айтуға үйренеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.				

	1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаса, Қазақстан! Мақсат-міндеттер. Балалармен Отан тәуелсіздік туралы ән	Біз бақытты баламыз! Мақсат-міндеттер. Шеңбер аясында	Тәуелсіздік - ел тұғыры! Мақсат-міндеттері. Ұжыммен сурет салу.	Мақал-мәтел Мақсат-міндеттері. Жер, Отан туралы мақал-мәтелдер	"Менің тәуелсіз елім" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттер.

	шырқату. (музыка)	балалар бір-бірлеріне мерекелік жылы лебіздерін айтады. (сөйлеуді дамыту)	Тақырыпқа байланысты сурет таңдау. (сурет салу)	жаттау. Мақалдарды талдап, мағынасын түсіндіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Патриоттық сезімді оятуға арналған тақпақтар жаттау. (сөйлеу әдебиеті, көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап жүру" . Мақсаты: қатарда келе жатып, педагогтің белгі беруі бойынша тоқтап, "фигуралар" жасау; жүру, шашырап жүру және жүгіру; сапта тұрып, 2,5 м қашықтыққа допты екі қолымен төменнен лақтыру, гимнастикалық орындықта етпетінен екі қолымен тартылып, еңбектеу (орындықтың екі жағынан қолымен ұстау) және гимнастикалық	Қазақ тілі Киімдер, аяқ киім, бас киім. Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында киімдер, бас киім мен аяқ киімі туралы түсініктерін дамыту; ұл бала мен қыз балаға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту. Музыка "Жаңа жыл". Мақсат-міндеттер:	Дене шынықтыру "Шырша ойыншығын қолға ұстап". Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен); 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету. "Торғайлар мен мысық" қимылды ойыны.	Музыка "Жаңа жыл сыйлықтары". Мақсат-міндеттер: балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту. "Музыкалық калейдоскоп" музыкалық-дидактикалық ойыны.	Дене шынықтыру "Шеңбердегі қызықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды қысқа секіртпемен секіруге (демалу үзілістері бар 2-3 реттен 10 секіру) үйрету.

	орындықтың үстімен құм салынған қапшаны бастарына қойып, екі қолдарын жанына жіберіп (немесе белде), тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. "Кім епті?" қимылды ойыны.	балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді	Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын,	Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда	Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: Жылы

көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды	ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру) Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін	болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек),	қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға	күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске
---	---	---	--	--

	ұйымдастыру. (еңбек іс-әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін	«күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.	және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға, ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.	жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек: Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. (еңбек іс-әрекеті)
--	--	--	---	---	--

		айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды

	үйретуді жалғастыру. «Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	үйретуді жалғастыру. «Бұдыл мерген» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	үйретуді жалғастыру. «Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	үйретуді жалғастыру. «Азат» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Шырша туралы әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттер: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру. Дамытушылық жаттығу. "Қандай және қанша айырмашылық бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейінін,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Шыршаның басынан өткізген хикаясы". Мақсат-міндеттер: балаларды С. Дүйсенбиевтің "Шырша да жылайды" әңгімесі мазмұнымен таныстыру; оларға шырша туралы мәтін мазмұнын түсінгендерін сұрақтарға толық жауаптарды қайтару арқылы жеткізуге білуге үйрету. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ең биік шыршаны іздегенде". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың биіктігі	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қырау". Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылысы қырау туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". Мақсат-міндеттер: қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрысын таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге,	Театрды сахналау. "Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау. Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. (көркем әдебиет) Құрастырудан ойын-жаттығу "Жаңа жылдық сыйлық" Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: бірреттік қағаздан жасалған табақшадан, мақта және қағаздан аяз атаны құрастыруға үйрету. Қазақ халқының	Көзінді жұмып, қолыңмен анықта». Ойынның мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. (сөйлеуді дамыту) Дамытушылық
--	--	---	--	---	---

	ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар). Барысы. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	жөніндегі ұғымдарын жетілдіру; реттік сан туралы ұғымдарын қалыптастыра бастау; заттардың биіктігін саусақтар арқылы өлшеп, салыстыру тәсілімен таныстыру.	сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Ұлттық ойындары. «Қара сиыр» ойыны. 4+ Мақсат-міндеттер. Балаларға тапқыр, шапшаң, ұйымшыл болуды үйрету. Шарты. Ойын көбінесе далада, көгалды жерде, кең аулада ойналады. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Ойынға көбінесе қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және т.б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойынды басқарушының берген бұйрығы бойынша бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға	жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Балалар ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда олардың реттік нөмірін айтады.
--	--	---	---	--	--

			әзірленген затты қолын алып тығылады. Ойыншы балалар сол тыққан затты іздеп табу керек. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта	Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады, қай ойыншықтың қай жерге ығысқанын айтады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)
--	--	--	--	---

				шеңбер кұрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. (дене шынықтыру)	
--	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жаңылтпаштар жаттайық. 1) Торта қойдым, Орта қойдым. Орта қойдым, Жорта қойдым. 2) Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала Қуады көп бала. 3) Қырық құрықтық Сырық қырықтық. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Суреттер құрастыру». Максат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	«Үй құрылысының ретін көрсет». Максат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны қарай әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.	«Қажетті сөзді тап». Максат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті. Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар шұлық, шәлі, қолғап, жемпір деп жауап береді. Қайда, немен, кім тоқиды? - Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды. - Тігілетін заттарды ата? Көйлек, етік, тымақ, көрпе, пальто, т.б.. - Қайда, немен, кім тігеді?
-------------------------------------	--	--	--	--	--

					(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. - сапқа тұру кезінде 1-ден 5- ке дейін саналып тұру. (дербес әрекет, математика негіздері)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "Тәуелсіз - Қазақстаным" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге	"Балаңызға қандай	"Тәуелсіздік -	"Балаңыздың күн	Жаңа Жылды қарсы	«Баланың эмоциялық

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	ойыншық таңдайсыз" атты сауалнама.	тірегім" тақырыбында газет көрмесі.	режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу.	алу туралы әңгіме. Мерекеге өлеңдер мен әндерді үйрену.	жағдайы».
-----------------------------	------------------------------------	-------------------------------------	--	---	-----------